

ЖОЛ КАРТАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА АЛФА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН БІЗГЕ КӨЛІКТЕГІ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРЛЕСКЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ТӘЖІРИБЕЛІК ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ. БҮГІНГІ КҮНДЕГІ БАСТЫ МІНДЕТ – ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ҚАУІПСІЗ ҚОЗҒАЛЫСЫН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. АЛ БҰЛ БІРЛЕСЕ ТИІМДІ ӘРЕКЕТ ЕТУІМІЗГЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары



№16 (2833)  
03/03/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ: ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ТЫҢ СЕРПІН

Үстіміздегі жылдың 28 ақпанында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев жетекшілік еткен делегацияның Қытай Халық Республикасына ресми сапары басталды. Қазақстандық делегация Қытайдың бірнеше теміржол компаниялары өкілдерімен кездесті.

Ислам ТАЛҒАТ,  
Астана

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Қытай темір жолдары» МК басшылығының кездесуі алдымен Бейжің қаласында өтті. «Қытай темір жолдары» МК-ның басшысы Лю Чжэньфан, пандемиядан кейін Қытай тарапы қабылдап отырған алғашқы әкімшілік «Қазақстан темір жолы» делегациясы екенін атап өтті.

Кездесуде мәлім болғандай, екі ел арасындағы жүк тасымалдау көлемі оң қарқын алып отыр. Мәселен, 2022 жылы жүк тасымалы 23 млн тоннаны құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 15%-ке артып, тарихи жоғары деңгейінен асып түскен.

Талқылау барысында Қазақстан арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерін дамыту мәселелері жан-жақты сөз болды. Әсіресе ҚХР-дан келетін импорт мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Тараптар талқылаған маңызды мәселелер қатарында Достық – Мойынты учаскесін жаңғырту және Бақты – Тачэн учаскесінде үшінші теміржол шекара өткелін салу жобаларына баса назар аударылды.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығының Қытайға ресми сапары одан әрі Сиань қаласында жалғасты. Онда қала мэрі Ли Миньюан мырза бастаған Сиань қаласы әкімшілігі өкілдерімен кездесуде көлік бағдарлары мен инфрақұрылымды дамыту сөз болды. Сиань қаласы Қытайдың ең ірі көлік-логистикалық хабы саналады. Оның аумағында «Сиань халықаралық сауда-логистикалық паркі» құрғақ порты орналасқан. Осы құрғақ портқа жүктердің 40%-ы Қазақстаннан келеді. Сондай-ақ мұнда ҚХР – ЕО бағдарына жөнелтетін контейнерлік пойыздардың жалпы көлеміндегі контейнерлердің 30%-і құрастырылады.

Кездесу қорытындысы бойынша келісімге қол қойылып, аталған маңызды құжат негізінде Қытай жағы қазақ теміржолшыларына Сиань қаласындағы Құрғақ порт аумағында терминал салу үшін 8 гектар жер телімін беретін болды. Сиань қаласының әкімдігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға жаңа

логистикалық жобаны іске асыру бойынша қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Ал 2 наурыз күні «Қазақстан темір жолы» мен «Үрімші темір жолы» компанияларының басшылары кездесті. Онда 2022 жылдың жұмысы қорытындыланып, 2023 жылға арналған жүк тасымалы көлемін арттыру жоспары талқыланды. Бұл басқосуда да Бақты – Аяғөз теміржол желісін салу және Достық – Мойынты телімін жаңғырту мәселелері сөз болды.

Өз кезегінде қытай теміржолшылары Цзиньхе-Алашанькоу телімінде екінші жолдар құрылысы басталғанын хабарлады және Бақты – Тачэн телімінде үшінші теміржол шекаралық өткелін құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыруға қолдау білдіруге дайын екендіктерін жеткізді. Тараптар Үрімші қаласында қазақстандық терминалды құру мүмкіндігін қарастырып, тоқсан сайын кездесіп тұруға уағдаласты.

## С ЗАБОТОЙ О ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКАХ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» на постоянной основе ведется работа, направленная на заботу о качестве жизни каждого труженика: заработная плата, охрана труда, организация быта и отдыха, социальная защита. Компания является самым крупным и стабильным работодателем в РК. При этом большое внимание уделяется улучшению социально-экономического положения работников.

В рамках проводимой планомерной работы правлением АО «НК «ҚТЖ» принят ряд решений. Так, с 1 марта текущего года предусмотрено дополнительное повышение заработной платы на 15% для работников линейных предприятий, находящихся на тарифной системе оплаты труда.

Кроме того, женщинам компании к Международному женскому дню 8 Марта будет выплачена единовременная премия в размере 8 МРП. Отмечено, что в ҚТЖ работают на сегодня более 26 тысяч женщин, что составляет 23% от общей численности работников. Будучи социально-ответственным работодателем, компания заявляет о своей приверженности 17 целям ООН в области устойчивого развития (ESG), куда входит и гендерное равенство.

А также работникам АО «НК «ҚТЖ» будет выплачена единовременная премия к Наурыз мейрамы в размере 1 МРЗП. При этом выплаты премий будут осуществлены в преддверии праздников.

В целом АО «НК «Қазақстан темір жолы» сегодня – это миллионы перевезенных пассажиров, миллионы тонн вовремя доставленных грузов. За сухими цифрами экономических отчетов всегда стоит напряженный повседневный труд большого сплоченного коллектива железнодорожников. Чтобы ничто не мешало людям трудиться с полной отдачей, создаются соответствующие условия не только на рабочем месте, но и в повседневной жизни. Поэтому важнейшим фактором развития ҚТЖ всегда была и остается социальная ответственность по отношению к своим работникам.

Асель ШАЙХЫНОВА, Астана

## УКРЕПЛЯЕМ СФЕРЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Строительство железнодорожной линии Дарбаза – Мактаарал обсудили представители Казахстана и Узбекистана. Линия обеспечит возможность привлечения дополнительных объемов в сообщении с Узбекистаном.

Так, министр индустрии и инфраструктурного развития Марат Карабаев встретился с Чрезвычайным и Полномочным Послом Республики Узбекистан в Республике Казахстан Саидикрамом Ниязходжаевым.

В целом стороны обсудили расширение сотрудничества в сфере транспорта, промышленности, промкооперации, реализацию других проектов.

В ходе встречи были обсуждены проекты транспортной отрасли, в частности строительство железнодорожной линии Дарбаза – Мактаарал. Отмечено, что реализация проекта строительства линии от станции Дарбаза до станции Мактаарал протяженностью 106 километров позволит разгрузить пункт пропуска «Сарыағаш» и привлечь дополнительный грузопоток до 10 миллионов тонн в год, а также соединить Мактааральский район Туркестанской области с основной железнодорожной веткой.

Марат Карабаев отметил, что в сфере промышленной кооперации Казахстан и Узбекистан реализуют 42 совместных проекта на \$2,1 миллиарда с созданием более 10 тысяч рабочих мест. Из них на территории РК – 29, в РУ – 13.

Жаныбек КЕНЕС, Астана

## Мазасыз маусым

### ТАСҚЫН ҚАУПІН СЕЙІЛТУДЕ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ су тасқыны кезеңінде шойын жол мен жасанды құрылыстарды сақтап, сонымен қатар пойыздардың үздіксіз қатынауын қамтамасыз етуге арналған техникалық-ұйымдастыру іс-шараларын бекітті.

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

Жалпы еліміздегі республикалық маңыздағы жолдарды тексерудің нәтижесінде 396 қауіпті учаске, 68 көпір және 768 су өткізу құбыры анықталып, тасқын қауіпін сейілтуге жұмыс істейтін 700-ден астам арнайы техника бөлінген. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаевтың айтуынша, өткен жылдардың тәжірибесіне талдау жасалып, барлық өңірде тасқын суды

өткізу бойынша қауіпті орындардың тізбесі анықталып отыр.

– Көктемгі су тасқыны кезеңінде тәуліктік кезекшілік пен қауіпті орындарға бақылау жүргізіледі. Тұтастай алғанда 3 578 көпірді, 6 мыңнан аса су өткізу құбырын, таулы арықтарды және жол жырларын қар мен мұздан тазарту жұмыстары басталды. Еліміз бойынша шойтас пен рельсті пакеттер және кондициясыз темірбетонды шпалдармен жаракталан тасқынға қарсы 45 пойыз жасақталып жатыр, – деді ИИДМ басшысы.

Су тасқынына қарсы іс-шараларды уақытты қамтамасыз ету үшін барлық қауіпті учаскеде тәуліктік кезекшілік пен күнделікті бақылау жүргізіліп келе жатқанын жеткізді. Қажетті жұмыстарды жедел ұйымдастырып, тасқын қауіпін алдын алу мақсатында қажетті инертті және басқа да материал толық көлемде дайындалған. Атап айтқанда, 20 мың текше метр құм, 6 мың текше метр шойтас, 8 мың текше метр қиыршық тас, сондай-ақ 18 мың текше метр құм-қиыршық тас қоспасы әзірленген. (Тақырыптың жалғасы 3-бетте)

## ЭЛЕКТРОМОБИЛИ ДОСТАВЛЕНЫ В СРОК

Электромобили доставили по железной дороге из КНР в Словению по ТМТМ. Перевозка по Казахстану организована дочерней компанией АО «НК «ҚТЖ» – АО «KTZ Express».

СОТРУДНИЧЕСТВО

Алуа ТЛЕУБАЙ,  
Астана

Так, первый демонстрационный контейнерный поезд проследовал по коридору ТМТМ (Транскаспийский международный транспортный маршрут) из Цзяочжоу (КНР) в порт Копер (Словения).

Как рассказали логисты, доставка организована по принципу мультимодальных перевозок: морским и железнодорожным транспортом. В составе поезда – контейнеры, грузные электропоезда. Поезд проследовал через казахстанскую станцию Алтыколь, порт Актау, порт Алят (Азербайджан), Бельюк-Кисик (Азербайджан),

Гардабани (Грузия), порт Поти (Грузия), Стамбул (Турция) и далее до Словении. Расстояние в более 13 тысяч километров через несколько стран преодолено всего за 45 дней.

Сотрудники компании KTZ Express в очередной раз на высоком профессиональном уровне оказали полный спектр транспортно-логистических услуг, организовав на своем участке работу безукоризненно, в максимально короткие сроки. Напомним, компания работает во всех видах сообщений, интегрируя перевозки железнодорожным, морским и другими видами транспорта. Специалисты отмечают, что



это очень сложная работа, где нет мелочей. Исходя из трудоемкого, сложного характера погрузочно-разгрузочных работ, их чрезвычайно большого объема, широкой номенклатуры грузов и их весьма различ-

ных и не всегда постоянных свойств, предъявляются высокие требования. Но на каждом маршруте и с любой номенклатурой в компании справляются первоклассно. Фото Александра ЖАБЧУКА



Нурсултан ТАНАБАЕВ,

главный менеджер функционального направления по производству и содержанию ИССО департамента пути и сооружений Дирекции магистральной сети:

ОБЕСПЕЧИВАТЬ БЕЗОПАСНОЕ И НЕПРЕРЫВНОЕ ДВИЖЕНИЕ ПОЕЗДОВ В ЛЮБУЮ ПОГОДУ – НАША ГЛАВНАЯ ЗАДАЧА. ПОЭТОМУ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД РАБОТНИКИ ПУТЕВОГО ХОЗЯЙСТВА ВЫПОЛНЯЮТ БОЛЬШОЙ ОБЪЕМ РАБОТЫ – ОНИ ОТВЕЧАЮТ ЗА БЕСПЕРЕБОЙНУЮ РАБОТУ СТРЕЛОЧНЫХ ПЕРЕВОДОВ, СЛЕДЯТ ЗА СОСТОЯНИЕМ ГЛАВНЫХ И СТАЦИОННЫХ ПУТЕЙ. БЕЗОТКАЗНО РАБОТАЕТ ТЕХНИКА. ЗА ПОСЛЕДНИЮ НЕДЕЛЮ ЗИМЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКАМИ КАЗАХСТАНА ОЧИЩЕНО СВЫШЕ 15 ТЫСЯЧ КИЛОМЕТРОВ ПУТИ И УБРАНО БОЛЕЕ 80 ТЫСЯЧ КУБОМЕТРОВ СНЕГА

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЕЛІМІЗДЕГІ  
СТАНЦИЯ-ВОКЗАЛДАРДА

3985

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ  
ОРНАТЫЛҒАН.

ЛОКОМОТИВ БРИГАДАЛАРЫНЫҢ  
ШҰҒЫЛ ТЕЖЕГІШ БАСУЫНЫҢ  
НӘТИЖЕСІНДЕ БЫЛТЫР

2000

АСТАМ АДАМДЫ ПОЙЫЗ БАСЫП  
КЕТУДІҢ АЛДЫ АЛЫНДЫ.

БҮГІНГІ КҮНІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ  
КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА  
БАРЛЫҒЫ

49 093

ЖҮК ВАГОНЫ БАР.



## ЖОЛ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Улан ОРАЗ,  
Астана



Көктемнің алғашқы күнімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да теміржол желілеріне жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады. 1 наурызда алғашқы «толаскез» жарияланды.



Биылғы алғашқы «толаскез» Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің Қаратау-Жаңатас теліміндегі жолға орташа күшейтілген жол жөндеу үшін 12 сағатқа ұйымдастырылды.

– Жамбыл жол дистанциясының 5-теліміндегі 20 км жолға орташа күшейтілген жөндеу жұмыстары бүгін басталды. 1 наурызда 1 км жол жөнделеді. Соған «толаскез» алдық. Мердігер мекеме – «Ағадыр ПЧМ» кәсіпорны. Жоспардағы жөндеу жұмыстарын сәуірде аяқтау көзделіп отыр. Бұл аралықтағы темір жолдар өте ескі. Сондықтан жөндеу барысында ескі ағаш шпалдар темірбетон түріне ауыстырылады және рельстері мен жер төсемдері де жаңартылады, – дейді аталған дистанцияның 5-телім бастығы Мейірбек Егембердиев.

Соған қоса бұған дейін Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты жолдың ластанған төсемін терең тазалау бойынша жұмыстар басталған еді. Бұл жұмыстар австриялық машиналар кешенін қолдану арқылы жүргізілуде. Өткен жылы аталған техника толықтай жаңғыртудан өткізілді.

Биыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісінде 930 км жол жөндемек, соның 56,7 км күрделі жөндеуден өткізіледі. Сонымен қатар 90,5 км жолға күшейтілген орташа жөндеу жүргізіліп, 109,95 км жолдың рельс тірегі тұтастай ауыстырылады. Бұған қоса 634 жиынтық бағыттама бұрмасы жаңа темірбетон бунақты түріне жаңартылады. Осылайша еліміздің теміржолындағы инфрақұрылымды жоспарға сай жаңарту арқылы теміржол тасымалының қауіпсіздігі нығайтыла береді.

*Суретті түсірген автор*

## 32 ЖЫЛҚЫ ШЫҒЫН БОЛДЫ

Нұрбек БЕКЕН,  
Астана



Көкшетау – Жамантүз станциялары аралығында жүк пойызының машинисі жоғқа шығып кеткен жылқыларды көріп, шұғыл тежегіш қолданып, құрамды тоқтатуға тырысқан.

Бірақ бірден тоқтай қоймайтын алып машина тұяқты жануарларды қағып өте шықты. Ысылдап тоқтағанша жолдың қос қапталында тұяқ серпуге шамасы келмей 32 жылқы жатты...

Бұл туралы Ақмола облысының Көліктегі полиция департаменті хабарлады. Оқыс оқиға салдарынан жүк пойызы 50 минут тоқтап тұруға мәжбүр болған.

«Теміржол төсеміне жылқылардың шығып кетуіне айыпты Игілік ауылының 28 жасар тұрғыны екені Көкшетау станциясында анықталды. Мерт болған бір үйір жылқының ішінде малы болған адамдар жануарларды ауыл тұрғындары кезекпен бағатынын айтты» делінген аталған ведомство таратқан ақпаратта.

Айыпты тарап 5 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеген. Бірақ ішпей-жемей ақ-адал малынан айрылып қалғандардың шығынын кім өтейді? Ал теміржолдың шығынын ше, зақымданып майысқан локомотив, бүлінген жол, уақыт пен электр энергиясы мен жанармай шығыны бар. Бұған дейін осыған ұқсас оқиға ақпан айының басында Ұлытау облысында да болған. Ол кезде жолаушылар пойызы 6 жылқыны қағып кеткен еді. Теміржолшылардың мал-жанның жолға шығуының алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан профилактикалық шараларына қарамастан ірі қара малдың теміржол бойында жайбарақат жайылып жүруінің тыйымсыз тұрғаны өкінішті.

## ҚАТЕЛІКТІ ҚАЙТАЛАМАУ ҚАЖЕТ

**Шалқар – Сексеуіл, Шалқар – Тассай аралығындағы теміржолшылар кезекті техникалық сабаққа қатысып, білім-біліктерін шыңдады. Тежегіш табандығын пайдалану туралы нұсқаулық ережесін мұқият сақтау, қателіктерді қайталамау тақырыбындағы өндірістік сабақ кестеге сай өтті.**

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

«ҚТЖ» ҰК» ЖШС Батыс аймақтық филиалының нұсқаушысы Ақтан Нұржанов, Шалқар – Сексеуіл телімінің ревизоры Бауыржан Орынбаев және Шалқар станциясының

бастығы Жолдыбай Ізтілеуовтің қатысуымен техникалық сабақ Шалқар станциясында өтті.

– Шалқар – Сексеуіл, Шалқар – Тассай аралығындағы және Шалқар станциясының теміржолшылары бас қосқан техникалық сабақ барысында бұйрықтар, жедел хаттар

түсіндіріліп, жиі кездесетін қателіктер талданды. Ең бастысы, осы қателіктерден сабақ алып, оның қайталануына жол бермеу қажет. Пойыздарды жөнелту, қабылдау кезінде қауіпсіздікті сақтап, станцияға кіріс-шығыс бағдаршамымен дұрыс қабылдау-жөнелту де басты

## ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІККЕ НЫҚ ҚАДАМ

**Наурыздың алғашқы күні Астанада бас қосқан ҚТЖ мен РЖД кәсіподақшылары алғаш рет өңірлік деңгейде өзара ынтымақтастықты дамыту туралы отырыс өткізді. Жиында Ресей теміржолының «Роспрофжел» ҚБ мен «Қазкөліккәсіп» ҚБ арасындағы Шекара маңындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумды жүзеге асыру жайы талқыланды.**

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Нәтижесінде қос кәсіподақтың алдағы уақытта бірлесіп атқаратын жұмыстарының Жол картасын жасауға ұсыныстар айтылды. Отырысқа қатысқан Теміржолшылар кәсіподақтары халықаралық конфедерациясының бас директоры Геннадий Косолапов қазіргі таңда екі ел кәсіподақтарын дамытудың жаңа кезеңі басталып отырғанын жеткізді. Сондықтан шекаралық кәсіподақтар деңгейінде жиын алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

– Жоғарыда аталған меморандум былтыр маусым айында қабылданған болатын. Оның мақсаты – шекара маңы деңгейінде конфедерация кәсіподақтарының байланысын нығайту. Атап айтқанда, әлеуметтік серіктестікті дамытып, кәсіподақ мүшелерінің мүдделері мен еңбек құқықтарын, әлеуметтік-экономикалық қорғау мәселелері бойынша бірлесіп жаңа әдістер ойлап табу, еңбек қорғау және сақтау, экология саласында өзара іс-қимыл жүргізу, кәсіподақ мүшелері арасында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, мәдени, жастар қозғалысы саласында байланысты ұлғайту. Мұның бәрі осы бағытта ақпараттар мен тәжірибе алмасу, яғни бірлескен семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар және тағы басқа іс-шаралар өткізу арқылы жүзеге асады, – деді Г. Косолапов.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев ресейлік әріптестеріне қазақстандық кәсіподақтың құрылымы мен қызметі, Ұжымдық шарт ерекшеліктері және кәсіп-

одақтың бастауыш ұйымдарының жұмыс істеу тәртібі туралы баяндап берді.

– Екі елдің теміржол кәсіподақтарында ортақ мәселелер мен тақырыптар көп. Сондықтан біз өзара ынтымақтаса отырып, кәсіподақ жұмысын дамытуды жөн көрдік. Негізгі міндет – қатарымызға кәсіподақ мүшелерін барынша көптеп тартып және теміржол кәсіподақтарының жұмысындағы озық тәжірибемен алмасу. Сондықтан бүгінгі кездесуден күтеріміз көп. Бұл кездесуге Ресей тарапынан бізбен үнемі тығыз жұмыс жүргізетін үш шекаралық теміржол өткелінен, яғни Батыс Сібір теміржолы, Оңтүстік-Орал және Волга маңы теміржолынан кәсіподақ басшылары келді. Ал біздің тарапымыздан олармен шекарада жұмыс істейтін Атырау, Орал, Ақтөбе, Қостанай, Семей, Защита торабы теміржолынан кәсіподақ өкілдері қатысты. Әрқайсысы өз жұмысын таныстырып, өзара пікір алмасты, – дейді О.Ахметбаев.

Оңтүстік Орал теміржолы бойынша «Дорпрофжел» ҚБ Челябинск филиалының ақпараттық-ұйымдастырушылық және кадрлық жұмыстар жөніндегі жетекші маманы Валентина Челнокова өз өңіріндегі кәсіподақ жұмысымен таныстыра келе өзара ынтымақтастықты арттыруға қатысты ұсыныстарын айтты. «Дорпрофжел» ҚБ төрағасының орынбасары Олег Пилиогиннің айтуынша, шекаралық ынтымақтастықты дамыту аясында бірлескен жұмыстар алдымен спорттық іс-шаралар өткізуден басталады. Одан әрі қос елде эскурсиялар, тағы да басқа ірі шаралар өткізу көзделуде.


Қазақстан тарапынан Кәсіподақтың Батыс

филиалының төрағасы Ғабит Зейпуллаұлы, кәсіподақтың Орталық кеңесінің Защита торабы бойынша төрағасы Айгүл Жайлаубаева, Орталық кеңестің Семей өңірі бойынша төрағасы Алик Досанов, кәсіподақтың Қостанай филиалының төрағасы Рауф Несіпбаев, Павлодар филиалының төрағасы Рафаил Сабаров, Ақмола филиалының төрағасы Хазис Закирин баяндама жасады.

Отырыста Меморандумды жүзеге асыру бойынша Жол картасын әзірлеу үшін ұсыныстар қабылдау мақсатында кәсіподақ өкілдері бірнеше секцияларға бөлініп, ой-пікір алмасты. Айталық, №1 секцияға «Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның Ақмола, Қостанай филиалдары мен «Роспрофжел» ҚБ-ның Оңтүстік-Орал темір жолындағы аумақтық ұйымдарының өкілдері бөлінді. №2 секцияда қазақстандық Семей, Защита теміржол тораптары бойынша кәсіподақтың Павлодар филиалы мен ресейлік Батыс-Сібір теміржолы бойынша кәсіподақтың Павлодар филиалы мен ресейлік Батыс-Сібір теміржолы бойынша кәсіподақтың Атырау өңірі бойынша кәсіподақтың Батыс филиалы мен ресейлік Волга маңы теміржолындағы аумақтық ұйым мүшелері сөйлесті. Жол картасын дайындауға қатысты қазақстандық кәсіподақ ұсынысын «Қазкөліккәсіп» ҚБ ұйымдастырушылық жұмыстар және халықаралық қамтамасыз ету департаментінің директоры Нұрлан Нүрпейісов жеткізді. Түстен кейін барлық қатысушылар дөңгелек үстелде қайта бас қосып, өңірлік Жол картасының жобасын ұсынды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## МАМАНДАР КӘСІБИЛІГІНЕ СЫН



ТЕХСАБАҚ

**Атырау вагон пайдалану депосының қызмет көрсету аясы Астрахань облысына таяу Ақсарай станциясынан бастап Бейнеу мен Қандыағаш аралығын қамтиды. Осы аралықта вагондардың қозғалыс қауіпсіздігіне жауап беретін байырғы депода бес жүзге жуық адам еңбек етеді.**

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Атырауда жүзге жуық, Мақат пен Ақсайық станцияларында 150-ден, Ганюшкинода – 70, Махамбет, Құлсары мен Мақатта 50 шақты теміржолшы тер төгуде. Бәрі де жергілікті, бірнеше буын теміржолшылар династиясын жалғастырып келе жатқан кәсіби мамандар. Бүгінде депоның 5 техникалық күтім және қызмет көрсету пункті, 2 бақылау пункті, 15 қауіпсіздік посты бар. Бұларда аға буын өкілдерінің зор тәжірибесі кейінгілерге үлгі ретінде таратылады.

Жуырда депода өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру мақсатында «Күте және плацарт жолаушы вагондарының доңғалақ жұптарын ауыстыруды практикалық түрде үйрету» тақырыбы бойынша екі күндік техникалық сабақ өтті. Оған Ганюшкино, Атырау, Ақсайық, Махамбет, Мақат, Сағыз, Құлсары



өндірістік-техникалық қызмет көрсету пункттерінің басшылары, нұсқаушы, техникалық оқыту шеберлері, слесарь-жөндеушілер мен аға вагон қараушылар қатысты. Жалпы, талап бойынша вагон әуелі позицияға қойылады да, сосын бұрандалары ағытылып,

ажыратылады. Осы процестің реттелігі мен қауіпсіздік ережелерін депо бастығының орынбасары Бақтыбек Мейрамов түсіндірді. Содан соң вагон арнайы электр-родомкратпен, арбашық арнайы кран-балкамен көтеріледі де ақаулы доңғалақ жұбына жи-

налған ішкі-сыртқы серіппелер ағытылып, түсіріледі. Жаңа қосалқы бөлшектермен доңғалақ жұбына жиналып, тележкаға салынады. Содан кейін тележка вагон астына қайта кіргізіліп, орнатылады. Бұл жұмысты депоның бас инженері Рашид Мұсабаев мамандармен бірге іс жүзінде көрсетті. Бұл жұмыста қиындық келтірген мәселе – шпинтонды бұранда қақтан қатып қалған. Оны дәнекерлеу аппаратының күшімен қыздырып ағытты. Мұны Оразай Әбдіғалиев жасады. Талғат Қажиев, Кәміл Абдолов секілді слесарлар да көп жұмыс атқарды. Жалпы, мұндай жұмыстарға норматив бойынша 52 минут беріледі екен. Практикалық көрсетілме барысында мамандар осы уақыт ішінде үлгерді.

Жалпы, станцияларға тәулігіне жүздеген вагондар келіп-кетеді. Вагон қараушылар оларды тексеріп, ақау тапса, оны техникалық күтім не қызмет көрсету пунктіне жібереді. Ал слесарь, дәнекерлеуші, краншы, құрушылардан құралған бригада кешенді жөндеу жұмыстарына кіреседі. Бірақ мамандардың айтуынша, кран, домкрат сынды техникалық аппарат, құралдар өбден тозығы жеткен, өткен ғасырдағы ескі техника. Жыл сайын оларды жаңартуға тапсырыс берілгенімен, ауыстырылмай отыр. Сондықтан бар күш мамандардың біліктілігіне түсіп, кәсібилігіне сын болмақ.

*Суретті түсірген автор*

тақырып болды. Сонымен қатар жаңа үлгідегі «Альстом» бағыттама бұрмасының жұмысы талданды, – дейді Ақтан Нұржанов.

Теміржолшыларға жұмыс барысында ұялы телефонды мүмкіндігінше қолданбау қажеттігі ескерілді. Әсіресе маневрлік жұмыстар кезінде телефонға алаңдау өте қауіпті. Кестемен айына екі рет ұйымдастырылып тұратын техникалық сабақта түсіндірілген тақырыптар мен нұсқаулықтарды қойын дәптерге жазып алып, конспект түзудің артықтығы болмайды. Бұл дағды есте сақтауды арттырып, комиссиялық тексеру кезінде көмекші құрал болатыны түсіндірілді.

– «Теміржол қателікті кешірмейді» деген жалаң ұғым емес. Теміржолда

жауапсыздық үлкен қатер, адам өмірі мен орасан материалдық шығынға ұшыратуы мүмкін. Сондықтан теміржол көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әрбіріміз үлес қосып, күнделікті жұмыс деп қарамай, қатаң ереже сақтап, мұқият жүрген дұрыс. Пойыздың жолын тексеріп, бірінің артынан бірі тексеріп, қойылған тежегіштерді санап отырып жинауды ұмытпай, дағдыға айналдыру қажет, – дейді ревизор Бауыржан Орынбаев.

Техникалық сабақ кезінде осыған дейін орын алған оқиғалар мысалға алынып, зерделенді. Пойыз диспетчерінен қозғалыс туралы үнемі ақпарат алып отыру, соған сай уақаскерлерді қар басып қалмауын қадағалап, жүретін жолды тазарту міндеттері еске салынды.

Тазартылмаған жолда бұрмаларды қозғаудың қауіпті түсіндірілді. Ортасында қар қалып қойған бұрмаларды бұру, оны орнына қою мүмкін емес екені ескертілді. «Біз теміржолшы жұмысының жауапкершілігін түсінудіміз керек. Жолаушылар пойызда алаңсыз болады. Балалар ойнап, үлкендер шай ішіп отырады. Вагон рельстен түсіп кетуі мүмкін деп ешкім сақтанып отырмайды. Міне, біз сондай міндетті мойнымызға аламыз. Мындаған адам өміріне жауап береміз», – деп түсіндірді ревизор.

Теориялық сабақтан кейін теміржолшылар паркке барып, заманауи бұрмалардың ерекшелігімен танысты. Жіні кездесетін қателіктер таныстырылып, оны қайталамау жолдары үйретілді.



## Паводок



## РАБОТА НА ОПЕРЕЖЕНИЕ

**В АО «НК «КТЖ» в рамках подготовки пути и искусственных сооружений к пропуску ледохода и паводковых вод формируются 45 противоразмывных поездов, 22 из них уже готовы.**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

К настоящему моменту стопроцентная готовность отмечается в Южном регионе, где сформированы 15 поездов (15 крытых вагонов и 84 платформ). До 15 марта будет подготовлено 10 поездов (10 крытых вагонов и 52 платформ) по Западному региону, пока сформирован один из них. А также пять поездов по Восточному региону (пять крытых вагонов и 36 платформ). Сроки формирования противоразмыв-

ных поездов по Северному региону, где зима пока не уступает свои права, – до 1 апреля 2023 года. Однако из 15 запланированных поездов (15 крытых вагонов и 75 платформ) железнодорожники уже подготовили шесть.

В целом по Казахстану к весеннему паводку будет сформировано 45 поездов. В их составе – 292 вагона, включая 45 крытых вагонов для погрузки инвентарем, материалами, 247 платформ для бутового камня, рельсовых пакетов (96 и 40 платформ соответственно) и некондиционных

железобетонных шпал (111 платформ).

На сегодня дистанциями пути заготовлено 2 400 кубометров бутового камня и восемь тысяч некондиционных железобетонных шпал. Кроме того, подготовлены 17 инвентарных металлических пролетных строений, 44 инвентарные рельсовые пакеты, 54 металлические, 53 железобетонные и 38 асбестовых колец труб.

Совместно с территориальными органами ведутся работы по проверке состояния 83 водохранилищ и плотин, расположенных выше железнодорожного полотна, уже обследовано 37.

От снега, льда и мусора очищаются отверстия мостов, труб, дренажных колодцев, производится вскрытие нагорных и водоотводных канав, лотков и кюветов. В общей сложности планируется очистить 3 578 мостов, 6 327 труб, 2 029 километров кюветов и 545 километров нагорных канав.

К последнему дню зимы в Южном регионе на 100% завершена эта работа, в Западном очищено 21% мостов, 43% труб, 20% кюветов и 22% нагорных канав, в Восточном – 17% мостов, 12% труб, 6% кюветов и 3% нагорных канав, в Северном – 2% мостов, 5% труб, а работы по очистке кюветов и нагорных канав еще не начаты.

Кроме того, заключены договоры на проведение буровзрывных работ по дроблению льда и спуску снежных лавин по ПЧ-38 Кумыстау, ПЧ-37 Оскемен, ПЧ-21 Кушмурун, ПЧ-22 Аркалык и ПЧ-20 Атбасар. На стадии заключения договор с ПЧ-18 Ерейментау по реке Селеты.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ПУТЕЙЦЫ ПРИСТУПИЛИ К ВОДОБОРЬБЕ

**В Кумыстауской дистанции пути (ПЧ-38) начали работу по предупреждению паводка. Для формирования двух противоразмывных поездов путейцам выделили 12 платформ, один крытый вагон под инструменты и мешкотару. В ближайшее время на платформы погрузят рельсовые пакеты, железобетонные шпалы. Противоразмывные поезда ПЧ-38 разместят на станциях Алтай и Кумыстау.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

– Согласно утвержденным приказам, плану и графику мероприятий, у нас началась работа по водоборьбе. С конца февраля, как только наступили теплые дни, снег начал подтаивать, мы стали вскрывать нагорные канавы, дренажные трубы, – объяснил начальник производственно-технического отдела Кумыстауской дистанции пути Георгий Колмаков. – Сейчас работает техника ФРЭС совместно с МКТ – специальной роторной машиной, которая роет траншеи, нарезает водоотводные кюветы. А ФРЭС отбрасывает снег. Еще мы будем проводить нарезку кюветов с помощью СТРУГОВ.

В этом году на территории Кумыстауской дистанции пути выпало много снега. При этом ПЧ-38 находится в гористой

